

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN

Мультимедиялық  
акустикалық жүйе 2.0

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



**BF – 1 1**  
**BF – 2 1**  
**BF – 1 1 1**

[www.sven.fi](http://www.sven.fi)

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# BF – 11 / BF – 21 / BF – 111

**TM SVEN акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!**

### АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

### САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

### ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкес-сіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

### МАЗМҰНЫ

<b>1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС</b> .....	<b>1</b>
<b>2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ</b> .....	<b>2</b>
<b>3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ</b> .....	<b>2</b>
<b>4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ</b> .....	<b>2</b>
<b>5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ</b> .....	<b>3</b>
<b>6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ</b> .....	<b>5</b>
<b>7. ТЕХНИКАЛЫҚ МАЛАР</b> .....	<b>6</b>

### 1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймағанын үшін тексеріңіз. Құрылғыға залал келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға залал келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

**Техникалық қолдау [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтында орналасқан.  
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

### 2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Колонкалар – 2 дана
- Акустикалық кабель – 1 дана
- Ø 3,5 мм 2RCA-ге mini-jack стереофонды сигналды кабелі – 1 дана
- Ø 3,5 мм 2RCA-ге mini-jack жалғастырғышы – 1 дана
- Қуат көзі сымы – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

### 3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



**Назар аударыңыз! Корпустың ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде, электр тоғы соғатындай кернеуі жоғары.**

- Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөн-демеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтынан қараңыз.
- АЖ-нің колонкалардың арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың тұйықталуына жол бермеңіз (соның ішінде «жерлендірілген»), себебі дыбыс зорайтқыштың шығу каскадтары бұзылады.
- Желілік розеткадан штепсельдің айырын суырғаннан бастап 2 секундтай аппаратураның желілік айырының істіктерін ұстауға болмайды.
- Сақтандырғышты ауыстырған кезде АЖ желіден ажыратыңыз. Сол түрдегі және номиналдағы сақтандырғыштарды қолданыңыз. Қолдан жасалған сақтандырғыштарын қолданбаңыз.
- АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- АЖ-нде, сонымен қатар жүйенің жанына ашық жалынның ешқандай аспаптарын орнатпаңыз.
- АЖ-ні дұрыс желденбейтін жерде орнатпаңыз. Ең кішкентай ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні қолданған кезде оны қандай да бір құрылғыларға орнатпаңыз, суытуды қиындататын майлық немесе басқа да ұқсас нәрселермен жаппаңыз.
- АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

### 4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ

BF-11/BF-21/BF-111 акустикалық жүйесі (АЖ) әуенді шығаруға және ойындар, фильмдер және т. б. дыбыстандыруға арналған. АЖ кіріктірілген қос арналы сыйымдылықсыз қуат күшейткішімен және күшті сүзгісі мен жақсартылған температура режимі бар трансформаторлы қуат көзімен жабдықталған, солардың арқасында ол кез келген дыбыс шығару көздеріне қосымша қуат күшейткішінсіз қосыла алады. Бір колонкасы белсенді болып табылады (оған АЖ қуат күшейткіші кіріктірілген және де артқы панелінде басқару органдары орналасқан), екіншісі – бейтарап. Белсенді сабвуферге қосылу мүмкіндігі бар.

#### АЖ ерекшеліктері

- Акустикалық жүйе PC, DVD/Media-ойнатқыштармен, ұялы телефондармен және басқа да дыбыс құрылғыларымен үйлесімді, Hi-Fi ажыратулар
- Кіріктірілген қос арналы сыйымдылықсыз күшейткіш


## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

## BF – 11/BF – 21/ BF – 111

- Жібек ВЧ-динамиктердің жоғары сезгіштігі
- Жалпы дыбыс қаттылығы деңгейін, жоғары және төменгі жиілік деңгейлерін реттеу
- Белсенді сабвуферді қосуға арналған шығыс
- Магниттік экрандау
- Колонкалар корпусы материалы – ағашы (MDF)

### Белсенді колонканың артқы беті

- ① VOLUME: жалпы дыбыс деңгейінің реттеуіші
- ② BASS: төменгі жиілік деңгейінің реттеуіші
- ③ INPUT R/L: аудиосигнал көзін қосуға арналған ажыратулар
- ④ SUB.OUT: сабвуферді қосуға арналған ажырату
- ⑤ Колонкаларды өзара қосуға арналған клеммалар
- ⑥ TREBLE: жоғары жиілік деңгейінің реттеуіші
- ⑦ Қуат көзі индикаторы
- ⑧ POWER ON/OFF: қуат көзі ажыратқышы
- ⑨ Қуат көзі сымын тығатын ажыранды
- ⑩ Қуат көзінің сымы



1-сурет. Белсенді колонканың артқы панелі

## 5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

### АЖ орналасуы


- Колонкаларды тыңдаушыға қарай симметриялық түрде бір метр қашықтықта орнатыңыз.
- Аса сезгіш мониторлар мен теледидарлар сәл ғана қате көрсетуі мүмкін, сондықтан АЖ-ні осы аспаптардан барынша алысырақ орнатыңыз.

### АЖ қосылуы

Sistemele de boxe BF-11/BF-21/BF-111 poate fi conectat la aproape orice sursă de semnal audio: DVD/CD, plăci audio PC și altele (vezi schema conectării din imag. 2), precum și, după necesitate, la subwooferul activ.

• Қосардың алдында АЖ желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Сосын колонкаларды өзара қосыңыз. Ол үшін акустикалық кабельді алып, оның «плюс» сымын алдымен бейтарап колонкадағы жалғастырғыш клеммалардың қызыл ажырату «+», ал «минусті» сымды – ақ ажырату «-» тығыңыз (2-суретте көрсетілгендей етіп), сосын дәл осылай белсенді колонкаға қосыңыз. Жалғастырғыш клеммалардың сомын қаттырақ қысыңыз.

• RCA стереофондық сигналды кабельдің коннекторларын АЖ аудиокірісінің R и L ажыратулар ③ қосыңыз, сосын 2RCA сигналды кабелінің 3,5 мм mini-jack-гін (жиынтықтан) дыбыс көзінің аудиошығысына (Ø 3,5 мм ажырату) қосыңыз (жоғарыдағы қосу схемасына қараңыз).



2-сурет. Қосылу схемасы

### Ескертулер:

- АЖ-н CD/DVD-ойнатқыштарына немесе теледидарға қосу үшін сигналды кабельмен қоса (2RCA mini-jack 3,5 мм) 2RCA-ге mini-jack Ø 3,5 мм жалғастырғышын (жиынтықтан) пайдалану қажет. Ол үшін RCA кабелін аудиошығыс ажыратулар INPUT R/L ③ (2-суреттегі схеманы қараңыз) қосыңыз.
- BF-11/BF-21/BF-111 мультимедиялық АЖ-не сабвуфер қосуға болады, бұл 2.1 жүйесін құруға мүмкіндік береді. Сабвуферді (жиынтықта жоқ) қосу үшін SUB.OUT шығысын ④ пайдаланыңыз.
- Жалғағыш клеммалардағы сымдардың берік бекітілгенін, қосу кезінде қарама-қарсылықтың сақталғанын, жалаңаш сымдардың бір-бірімен және аппаратураның металл бөлшектерімен жанаспағанын тексеріңіз.
- Қуат көзі сымын ⑩ ажырату ⑨ қосыңыз, қуат көзі сымының ашасын розеткаға тығыңыз.
- Белсенді колонканың артқы бетіндегі VOLUME реттеуішін ① сағат тіліне қарсы тірелгенше бұрап, жалпы дауысын барынша басыңыз.
- POWER (ON түріне) ажыратқышымен ⑧ құрылғыны қоректендіруді қосыңыз, қуат көзі индикаторы ⑦ жанады.
- Аудиосигнал көзін қосыңыз.
- VOLUME реттеуішін бұрау ① арқылы жалпы дауыс деңгейін реттеңіз. Реттеуішті сағат тілімен бұраса дауыс көбейеді, сағат тіліне қарсы бұраса – азайады.
- TREBLE ⑥ және BASS ② реттеуіштерімен жоғары және төменгі жиілік деңгейлерін реттеңіз. Реттеуіштерді сағат тілімен бұраса, жоғары және төменгі жиілік көбейеді, сағат тіліне қарсы бұраса – азайады.

**Ескертулер.** АЖ пайдаланып болғаннан кейін құрылғыны розеткадан суыруды ұмытпаңыз. Дыбыс шығару сапасын арттыру үшін Line-Out дыбыс картасының шығысын пайдаланыңыз.

**6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ**

<b>Жарамсыздық</b>	<b>Себебі</b>	<b>Жою жолы</b>
АЖ қосылмайды.	Желіге қосылмаған.	Дұрыс қосылуын тексеріңіз.
	Желілік ажыратқыш қосылмаған.	Ажыратқышты қосыңыз.
Дыбысы жоқ немесе АЖ-нің колонкаларында дыбысы тым жай шығады.	Дыбыс қаттылықтың реттеуіші барынша басулы.	Дыбыс қаттылықтың реттеуішін ретке келтіріңіз.
	Аудиосигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін дұрыс қосыңыз.
Дыбыстың қате шығуы.	Кіріс дыбыстың үлкен амплитудасы.	Сигнал көздерінде және АЖ-нде дыбыс қаттылықтың реттеуіштерімен кіріс сигналдың көлемін азайтыңыз.
Дыбысы тек арналардың біреуінен ғана шығады.	Дыбыс сигналының көзіне колонкалар дұрыс қосылмаған.	Колонкалардың дұрыс қосылуын тексеріңіз.

Жоғарыда аталған амалдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен жөндемеңіз.

**7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР**

Үлгілері	BF-11	BF-21	BF-111
Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мәні	Мәні	Мәні
Шығу қуаты (RMS), Вт	36 (2 × 18)	40 (2 × 20)	50 (2 × 25)
Жиіліктер диапазоны, Гц	40 – 20 000	35 – 20 000	32 – 20 000
Сигнал/шу қатынасы, дБ	≥ 75	≥ 75	≥ 65
ЖЖ-динамиктер диаметрі, мм	Ø 25	Ø 25	Ø 25
ОЖ-динамиктер диаметрі, мм	Ø 100	Ø 100	Ø 165
Қуат көзі кернеуі, В/Гц	~220/50	~220/50	~220/50
Өлшемі (бір колонканың) (Е × Б × Т), мм	150 × 263 × 185	150 × 310 × 232	203 × 342 × 230
Салмағы, кг	6,4	7,5	9,3

**Ескертулер:**

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

## Мультимедиялық акустикалық жүйе 2.0

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN



Үлгілері: **BF-11/BF-21/BF-111**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов  
көшесінің бұрылысы, үй 13/195, 13Б кеңсе,  
тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.  
«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан  
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»  
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан  
Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,  
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,  
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия  
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310, Финляндия,  
Котка, Котолахдентие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,  
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the  
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,  
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© Registered Trademark of Oy SVEN  
Scandinavia Ltd. Finland.

**BF-11**  
**BF-21**  
**BF-111**